

МАҚСАТТЫ

Кәсіпорындардың өтінімдері бойынша оқыту үшін оқытуды ұйымдастыру бойынша келісім-шарт

Алға ауданы

« 11 » 06 2025 жылы

«Алға индустриялық-техникалық көлледжі МКҚК» атынан, бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын, директоры А.Ж.Себепбаев, БСН 960240000491 31.08.2012 жылы берілген № 263-1904-04-МК колледж Жарғысы және 2025 жылы берілген мемлекеттік лицензияның негізінде бір жағынан, - ЖШС «Энергожүйесі» атынан, бұдан әрі «кәсіпорын» деп аталатын, БСН 030840004016 негізінде әрекететуші директоры Ж.Б.Кульниязов жақтан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Білім беру ұйымы 2024 жылы оқуға түскен білім алушыларды **07130100 Электржабдықтарды (түрлері мен салалары бойынша) 3W07130101 Электрмонтер (түрлері мен салалары бойынша)**

пайдалану және жөндеу слесарі мамандығы бойынша оқытуды жүзеге асырады.

2. Кәсіпорын білім беру ұйымымен бірлесіп кадрларды нысаналы даярлау бойынша оқуға ниет білдірген талапкерлер арасынан үміткерлерді іріктеуді жүзеге асырады;

3. Кәсіпорын кейіннен оларды жұмысқа орналастыра отырып, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практика базасымен қамтамасыз етеді (студенттер санын көрсету), оның ішінде дуалды оқыту жүйесімен;

4. Іріктеу нәтижелері бойынша кәсіпорын, білім беру ұйымы және студент арасында кадрлар даярлау туралы үш жақты шарт жасалады.

2. Білім алушының құқықтары мен міндеттері

Білім алушының құқығы:

1) ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіппен, бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына ауысуға және қайта оқуға қабылдануға, бір мамандықтан басқа мамандыққа ауысуға;

2) мемлекеттік емес жалпыға міндетті білім беру стандартының қосымша білім беру (ақылы және тегін) қызметтерін алуға;

3) кітапхана мен оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қолжеткізуге және пайдалануға;

4) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға құқылы;

5) қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;

6) кәсіпорында бекітілген жетекшісінің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қолжеткізуі мен пайдалануына;

7) өндірістік оқыту мен кәсіби практиканы өту барысында денсаулығына зақым келген зиянның өтеуіне;

8) белгілі бір мамандық бойынша біліктіліктің тиісті деңгейін тағайындау және белгіленген үлгідегі біліктілікті беру туралы құжатты алуға құқылы.

1. Білім алушы міндетті:

- 1) Білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын және білім беру ұйымының қызметін регламенттейтін білім беру актілерін орындауға;
- 2) Білім беру ұйымының мүлкін күтіп ұстауға және орынды пайдалануға; оқуда және жатақханада тұру кезінде қолайлы жағдай жасауға қатысуға (егер ұсынылса);
- 3) Педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушыларына құрметті көрсетуге;
- 4) Білім беру ұйымында болмаған күннен бастап бір апта ішінде жазбаша түрде сабақта болмағаны туралы хабарлауға;
- 5) Отбасылық мәртебесі және байланыс ақпараты өзгерген жағдайда білім беру ұйымына есеп беруге (тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электронды пошта және т.б.);
- 6) Амбулаториялық немесе стационарлық ем қабылдаған жағдайда растайтын құжаттарды табыс ете отырып, білім беру ұйымына хабарлауға;
- 7) Өндірістік оқыту және кәсіптік практика орнында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтауға;
- 8) Кәсіпорынның (ұйымдардың) жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 9) Өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтауға және орындауға;
- 10) Өндірістік оқыту және кәсіби практикадан өту үшін белгіленген мерзімде кәсіпорынның қарауына келуге;
- 11) Өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеуге;
- 12) Кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнындағы сабаққа хабарлау келмеген жағдайда бұл туралы кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнына себебін айтып және ауру немесе жазатайым оқиға болған жағдайда, 3 күн ішінде тиісті медициналық анықтаманы жіберуге;
- 13) Өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін кәсіпорын (ұйым) ұйымдастыратын кіріспе және өндірістік нұсқаулықтан өтуге;
- 14) Оқу процесінің кестесіне сәйкес өндірістік оқудан және кәсіби практикадан уақтылы өтуге міндетті.

2. Білім беру ұйымының құқықтары мен міндеттері

Білім беру ұйымының құқығы:

- 1) Білім алушылардан осы Шарттың міндеттерін, білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және оның қызметін регламенттейтін білім беру ұйымының актілерін адал және тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

Білім беру ұйымының міндеттері:

- 1) Кәсіпорынға мамандығы 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», біліктілігі 3W10130302 «Аспазшы» бойынша білім алушыларды кәсіптік практикадан өту үшін кейіннен жұмысқа орналастыру мақсатында (студенттер санын көрсету) кестесіне сәйкес жіберу;
- 2) Білім алушыларды осы Шартта көрсетілген міндеттермен және жауапкершілікпен таныстыру;
- 3) Кәсіпорынмен (ұйыммен) кәсіптік практика бағдарламасын және кәсіптік практикадан өтудің күнтізбелік кестесін әзірлеу және келісу;
- 4) Кәсіптік практика басталғанға дейін екі апта бұрын білім алушылардың санын көрсете отырып, кәсіптік практикадан өтудің бағдарламасын және күнтізбелік кестесін кәсіпорынға келісу үшін ұсыну;
- 5) Білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен білім беру ұйымының тиісті мамандықтарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатарынан практика басшыларын тағайындау.

6. Кәсіпорын базасында білім беру ұйымдарының тиісті мамандықтарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін тағылымдамаға жіберу;
7. Білім алушылардың осы кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;
8. Білім беру бағдарламасына және оқу процесінің кестесіне сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру және оны мерзімді бақылауды жүзеге асыру;
9. Кәсіпорын қызметкерлеріне кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
10. Қажет болған жағдайда кәсіпорынға білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәлімет беру;
11. Егер олар практикадан өту кезеңінде білім алушылардың қатысуымен болған жағдайларда, жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысуға құқылы;
12. Білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды (ұйымды) хабардар ету және білім алушыларды оқуды жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымына ауыстыру шараларын қабылдау.

3. Кәсіпорынның құқықтары мен міндеттері

5. Кәсіпорын (ұйым) құқығы:

- 1) Жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- 2) Кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;
- 3) Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға қатысу;
- 4) Білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұратуға;
- 5) Білім беру ұйымынан жұмыс берушінің үмітіне сәйкес білім алушыларды сапалы оқытуды талап ету;
- 6) Кәсіпорын базасында білім беру ұйымдарының тиісті мамандықтарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін тағылымдамаға қабылдау.

6. Кәсіпорын (ұйым) міндетті:

- 1) Білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс істеу жағдайларын қамтамасыз ету (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалар өткізе отырып) және қажет болған жағдайларда білім алушыларды еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуды жүргізу;
- 2) Алған мамандығына сәйкес толық оқу курсы аяқтағаннан кейін түлектерді кепілді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету;
- 3) Білім беру ұйымдарына оқу процесінің кестесіне сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 4) Осы Шарттың талаптарына сәйкес білім алушылардың тиісті мамандықтары бойынша кәсіптік практикаға жіберу бойынша қабылдансын;
- 5) Практика бағдарламасында көзделмеген және білім алушылардың мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыларды пайдалануға жол бермеу;
- 6) Кәсіпорын (ұйым) бөлімшелерінде білім алушылардың кәсіптік практикасына басшылық жасау үшін білікті мамандар беруді қамтамасыз ету;
- 7) Білім беру ұйымдарына білім алушылардың еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп қағидаларын бұзған, өндірістік оқыту немесе кәсіптік практика бағдарламасы бойынша үлгермеген барлық жағдайлары, сондай-ақ дене және психикалық денсаулық жағдайы сәйкес келмеген жағдайлар туралы хабарлау.

3. Кәсіпорын (ұйым) міндеттері (жалғасы):

- 8) Білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламаларын табысты игеруі және олардың жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды.

кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа да құжаттаманы пайдалану мүмкіндігін бере отырып, білім алушылардың жұмыс орындарында кәсіптік практика бағдарламаларын орындау үшін қажетті жағдайлар жасау;

9) Кәсіптік практика аяқталғаннан кейін білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме беру және кәсіптік практикадан өту сапасына баға қою.

4. Тараптардың жауапкершілігі

7. Осы Шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.

5. Дауларды шешу тәртібі

8. Осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей шешеді.

9. Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Шарттың қолданылу мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

10. Осы Шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол толық орындалғанға дейін қолданылады.

11. Осы Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

12. Осы Шарт әрбір тарап үшін бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан екі данада жасалады.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

<p>ЖШС «Энергожүйесі» 030200 Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы БСН: 030840004016 ЖСК: KZ95601A121002372981 БСК: HSBKKZKX Кбе: 17 Банк АО «Халық банк»</p> <p>ЖШС «Энергожүйесі» басшысы  Ж.Б.Кульниязов</p> <p>" " 2025 ж </p>	<p>"Ақтөбе облысының білім басқармасы" ММ. "Алға индустриялық техникалық колледжі" МКҚК Алға қаласы, Есет батыр 33 БСН: 960240000491 БСК: HSBKKZKX KZ 896010121000253309</p> <p>Колледж директорының м.а.  А.Ж.Себепаев</p> <p>" " 2025 ж </p>
--	--